20.08.2019-ғы № 03-18/3538 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«ТК и З» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 05.08.2019 жылғы №51681 шағымыңызға төмендегіні хабарлайды.

«Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №3394499-1 *«Сарыағаш ауданы бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарына инжинирингілік қызмет көрсету»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізілді

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағидалар)* 154 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді.

Конкурстық құжаттамаға 6 қосымша біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулерінің 1 тармағына сәйкес, егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар **көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері** болып табылады.

Осыған сәкес, Камералдық бақылаумен, Ұйымдастырушы тарапынан әлеуетті өнім берушілер **«Арх.строй сервис-А» ЖШС және «ТК и З» ЖШС-нің** жұмыс тәжірибелері үшін шартты жеңілдік есептеуінде бұзушылық анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент
басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

20.08.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Орын.: Қ.Мыңбаев
Тел.: 8 7252 35-06-06

20.08.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)